



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Стремление к новым знаниям, о которых говорил И.Алтынсарин, нашло отражение в многочисленных стратегических задачах всей системы казахстанского образования. И поэтому современное образование и профессиональная подготовка, использование новых технологий, идей, методов и подходов, развитие инновационной экономики станут главными механизмами становления современной образовательной модели казахстанского общества, в которой конечной целью будет экономический, социальный и духовный прогресс общества [5, с. 3].

Нравственно – духовное возрождение казахстанского народа, о котором говорил в своей просветительско – педагогической деятельности И.Алтынсарин, должно стать основой интеллектуального будущего казахстанской модели образования. Научно – творческий потенциал нации должен начинаться с творческого наследия предков и иметь главную цель – воспитание достойных граждан Казахстана.

Таким образом, за свою недолгую, по современным меркам, жизнь (неполных 48 лет), Ибрай Алтынсарин сделал огромный вклад в становление и развитие казахстанской модели образования. Алтынсарин – педагог и организатор школьного образования открыл учебные заведения в разных областях Казахстана. В их числе двухклассные русско – казахские, ремесленные, женские училища, волостные школы, училище для детей русских поселенцев, а также создал систему стипендий для обучающихся в гимназиях, университетах.

Алтынсарин – просветитель является автором учебников и учебных пособий, таких как: «Киргизская хрестоматия», «Начальное руководство обучению киргизов русскому языку». В них формулируются те принципы, которые были актуальны для того времени, и остались актуальными по сей день: необходимо осуществлять обучение на достойном научном и методическом уровне; обучать киргизских детей с русскими; должным образом финансировать народное образование; предоставлять возможность получившим образование достойно применять его в общественной жизни.

Основные педагогические принципы И.Алтынсарина заключают следующее:

- в образовательном процессе нет и не может быть мелочей.
- важно не только получение знаний, но и воспитание.
- важнейшее место в образовательном процессе занимает личность учителя, его моральный облик.
- школа должна быть образцом нравственного влияния на общество, опорой культуры в её подлинном смысле.

Все эти принципы совпадают с задачами подлинно гуманной педагогики, которую формировали в своей деятельности выдающиеся педагоги не только 19–20, но и 21 века.

Список литературы:

1. Джумагулов К.Т. Ибрай Алтынсарин и развитие культуры казахского народа [Текст] / К.Т.Джумагулов. Алма-Ата. 1984. 204 с.
2. Ситдыков А.С. Педагогические идеи и просветительская деятельность И.Алтынсарина [Текст] / А.С.Ситдыков. 2-е изд. Алма-Ата: МЕКТЕП, 1968. 148 с.
3. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 3. Алматы: Атамұра, 2000. 768 с.
4. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV–XX века [Текст] / О.А.Сегизбаев. Алматы: Гылым, 1996. 472 с.
5. Стратегия «Казахстан 2030» и её экономический приоритет / Информационный портал ZAKON.KZ. <http://www.zakon.kz/60241-strategija-kazakhstan2030-i-ee.html>

ӨОЖ 37.034

СПАНДИЯР КӨБЕЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ИДЕЯЛАРЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

*Минасова Айгуль Кабдулаевна
тарих пәнінің мұғалімі
Абай атындағы ЖББМ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E – mail: minasova_mak@mail.ru*

Аңдатпа

Мақала Спандияр Көбеевтің педагогикалық мәселелерінің маңыздылығына, қазіргі уақыттағы өзектілігіне арналады. Баяндамада Спандияр Көбеевтің халыққа білім беру саласына сіңірген еңбегі және ұйымдастырушылық шеберлігі баяндалады. Ұсынылып отырған мақала келешек ұрпақ үшін ұлы ұстаздың ғылыми жетістіктерінің өзектілігі мен өсиетін айқындайды.

Түйінді сөздер: педагог, шығармашыл, жазушы, тарихи, мұра.

Аннотация

Статья посвящена вопросу о месте ценностей учебно – педагогической деятельности Спандияра Кобеева сегодня, их актуальности для современности. Кроме того, в работе педагога рассматривается не только педагогом – новатором, но и талантливым организатором. Представленная статья наглядно показывает актуальность научных достижений и заповедей великого учителя для будущих поколений.

Ключевые слова: педагог, творческий, писатель, исторический, наследие.

Abstract

The article is devoted to the values of Spandiyar Kobeev's educational and pedagogical activity today and its relevance to the present. In addition, the work of a teacher is considered not only as an innovative teacher, but also as a talented organizer. The presented article clearly shows the relevance of scientific achievements and commandments of the great teacher for future generations.

Key words: teacher, creative, writer, historical, heritage.

Ұстаз болып, өз халқыма еңбек ету,
осы жұмысқа өз өмірімді арнау – мен үшін үлкен бақыт
С.Көбеев



Спандияр Көбеев – ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократтық – бұқарашыл қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Ол – ағартушы, педагог, жазушы, аудармашы.

Қазақ жерінде ашылған алғашқы орыс мектептерінен тәрбие алған ол өзінің барлық саналы ғұмырын туған халқының мәдениет пен білім жолында ілгері ұмтылуына жәрдемдесуге арнады. Жаңа үлгідегі қазақ мектептерінде сабақ беріп жас ұрпақты орыстың тілі мен әдебиетін, мәдениетін үйренуге баулыды. Бұл саладағы қызметін Спандияр ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогтік үлгісімен жүргізді.

Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырған ауылдық мектепте сауат ашып, Қостанай қаласында мұғалімдер даярлайтын курсты 1901 жылы бітірген. Осы жылдан бастап өмірінің соңына дейінгі 55 жылын ұстаздық қызметке жұмсады. [1, б. 86]

Қоғамның даму деңгейі мен әлеуметтік сұраным талаптарына сай үндестірілген, жүйеленген білім оқыту мен тәрбиелеудің басты ұстанымдарына сәйкес іріктеліп, оны меңгеру үрдісі психологияның жаңа бағыттарын басшылыққа ала отырып ұйымдастырылған жағдайда ғана көздеген мақсатқа қол жеткізетіні белгілі. Сондықтан заман талабына сәйкес оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту бүтінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Адамзаттың, прогрестің, әрбір жеке адамның дамуындағы қозғаушы күш – шығармашылық. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға деген бетбұрыстың болуы бұл мәселеге деген қызығушылықтың артуымен сипатталады.

Бала тәрбиесі мен оқытудың алғашқы теориясы мен оны іске асыру тәжірибесін ағартушы Ыбырай Алтынсариннің мұраларынан көруге болады. Ыбырайдың туған халқының алдыңғы қатарлы өркениетті қауымға жеткізудің негізгі кілті – мектеп деп: «...барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек мектептерде» деуі соның дәлелі. Ал мектепке ұлт ұстазы мынадай міндет, мақсаттарды жүктеді: «Мектеп жаңа адамдарды тәрбиелеуі қажет, оқушылар кейін парақор болмау үшін, олардың өнегелі болып өсуіне жәрдемдесуге барлық күшіммен тырысамын». «Мектеп – табиғат туралы дәл де анық ұғым беруге, сабақ беруде көрнекілік, түрлі аспаптар, коллекциялар қолданылуға тиіс. Табиғи ақыл – ол бізді қоршаған айналаны ғана қамтуға қабілетті, ал оны дамытып, біздің көргенімізді білуге мүмкіндік беретін дүниелік – білім ғана» деген еді. Осы мақсатпен Ыбырай мектептерінде Зобовтың «Табиғат туралы әңгімелері», Константиновичтің «Химиялық әңгімелері», Сент – Илердің «Зоологиясы», Гердтің «Минералогияның қысқаша курсы», Крюгердің «Физикасы», Реклюдің «Физикалық географиясы» деген бұрын қазақ даласында естілмеген пәндер оқытылды. «Арифметиканы оқыту кезінде, – деп жазады Алтынсарин – балалық өмірден және маңайдағы тұрмыстан алып, алғаш жай, аса күрделі емес, кейін күрделірек есептер беріп, оқушылардың ақыл – ойына әсер етуге тырысамыз. ...Біз істі оқушылардың табыстарына, қабілеттеріне, түсінігіне қарап жүргіземіз» деуі де бүгінгі педагогикалық ілімнің талаптарына сай келеді.

«Мұғалім балалармен істес болады, егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін – өзі кінәлауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбай, әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіруі керек» деген сөздерінің бүгінгі дидактикалық оқыту принциптерімен ұштасуында таңғаларлық ой ұшқырлығы жатыр. [2, б. 4]

Өзінің барлық педагогикалық теориясында жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанды. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл – парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балғожаның ықпалы ерекше болды. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім – тәрбиесін, үлгі – өнегесін көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңдіре білді. Осындай ұрпақтар сабақтастығы ұстаздан шәкіртке беріліп, жалғасын тауып жатты.

Ы. Алтынсарин педагогикасының мұраларын негізге ала отырып, С.Көбеев ұстаздық жұмысы мен жазушылық қызметін тығыз байланыстыра жүргізді. Өзі оқытқан шәкірттерінің кластан тыс оқуына арнап орыс жазушылары мен ағартушыларының бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударып, «Үлгілі тәржімә» деген атпен жеке кітап етіп бастырды. «Осы жинақ шыққаннан кейін мен жазушылыққа бетбұрдым, – дейді Спандияр. – Маған жазу жұмысы қолымнан келетін іс сияқты болып көрінді. Бірақ ол кезде ең алдымен мектеп балалары үшін қазақ тілінде оқу құралдары керек еді. Сондықтан мен ең алдымен оқу құралын жазып, кітап етіп бастырып шығаруға талпындым».

«Үлгілі тәржімәден» кейін Көбеев қазақ бастауыш мектептеріне лайықтап «Үлгілі бала» атты хрестоматиясын 1912 жылы Қазан қаласында бастырып шығарады. Хрестоматияны құрастырғанда ағартушының көздеген мақсаты: жас ұрпақты өнер, білім құштарлығына, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу еді. Ондағы әрбір өлең жолдары, әңгіменің мазмұны – қазақ байларын әшкерелеу, әлеуметтік теңдікті насихаттау еді. Ұлы ұстазы Ыбырай үлгісін пайдалана отырып ол бұл кітапқа өзі аударған Крылов мысалдарын, орыс классиктерінің балаларға арналған шығармаларын, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, табиғаттың түрлі құбылыстарымен таныстыратын, өсімдік, жануарлар әлемі туралы білім беретін әр алуан қызықты қысқа әңгімелер кіргізді. Өзіне үлгі ретінде Спандияр Л.Толстойдың «Азбука», Ушинскийдің «Детский мир и хрестоматия», «Родное слово» деген кітаптарын пайдаланған. Біраз материалдар осы кітаптардан аударылып алынған. [3, б. 158]

«Үлгілі бала» екі кітаптан тұрды. Бірінші кітабында 62, екінші кітабында 32 тақырыпқа жазылған шығармалары мен аудармалары топтастырылды. Бастауыш сынып балаларына арналған бұл оқулықта ол орыс классиктерінің балаларға арналған әдебиет үлгілерін, қазақтың ауыз әдебиеті түрлерін, орыс мысалшыларының еңбектерін кіргізді. Сонымен қатар өзінің бірсыпыра төл шығармалары да бар. Олар – әлеуметтік теңсіздікті, зорлықты, үстем тап адамдарының қатыгездігін әшкерелейтін, жетім – жесірді аяуға үндейтін өлеңдер мен әңгімелер болды. Баланың сауатын ашып, хат танудың бірінші құралы ана тілі мен балалар әдебиеті болғандықтан, Спандияр кітапты өзі құрастырды. Бұл жөнінде Көбеевтің өзі былай дейді: «Үлгілі бала» хрестоматиясына Крыловтың өзі аударған мысалдарын кіргіздім, орыс классиктерінің балаларға арнап жазған қысқа әңгімелерін өлшеп қазақ тұрмысына лайықтап жаздым және қазақтың бай ауыз әдебиетін пайдаландым. Осылармен қатар жануарлар туралы мағлұмат беретін қызықты қысқа – қысқа әңгімелер, мысалдар кіргіздім әр әңгіменің соңына сұрақтар қойдым» – дейді. «Үлгілі бала» хрестоматиясының идеялық негізі, ой – түйіні шыншыл болуға үндеу, нашарларды аяу, өнер – білімге шақыру. Бұл кітаптың алғашқы беті де Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңі сияқты «Мектепке шақыру» деген өлеңмен ашылған. Спандияр Көбеев баланы оқыту барысында барлық білімді кітаптан алуға болады, ол үшін кітапты көп оқу қажеттігін бірінші орынға қояды. Жазушының «Балалар мен ғалым» деген қысқа әңгімесі де осы кітап мәселесін сөз еткен. Балалар әдебиетінің тәрбиелік мазмұны оқу проблемасымен тығыз байланысты болғанда ғана өз дәрежесіне көтеріледі. «Оқыту – тәрбиелеудің қуатты органы, бұл органды пайдалана білмеген ұстаз шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айырылады», – дейді К.Ушинский. Спандияр Көбеев осы қағиданы мықтап ұстанған. «Үлгілі бала», негізінен, С.Көбеевтің педагогикалық еңбектерінің қатарына жатады, – дейді ғалым С.Қирабаев. «Түскі тамақ пен һәм кешкі тамақ» деген әңгімеде еңбек етпей ішкен сорпаның дәмсіз, еңбекпен шаршап ішкен сорпаның дәмі ерекше болатынын айта келіп, балаларды еңбексіз ауыз тұшымас дегенге сендіреді. [4, б. 126]

С.Көбеевтің кез келген туындысынан оның ағартушылықты мақсат тұтқан ниетін айқын аңғаруға болады. Жазушының балаларға арнаған мысал өлеңдері мен әңгімелерінің басты нысанасы осы мақсатпен тығыз байланысты. Қаламгердің бала психологиясын жете меңгергендігін аудармалары да, төл туындылары да танытады. Ыбырай мектебінде оқыған, оның хрестоматиясы үлгісімен еңбек жазған, қысқасы, қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымының жолын қуған С.Көбеевті балалар әдебиетінің анық қамқоршысы демесе еш негіз жоқ. Ильминскийге арналған бір хатында (1876, 3 желтоқсан) «Хрестоматияға» мысалдарды (басни) енгізгім келмейді» деп жазған. Ы.Алтынсарин шығармашылығынан С.Көбеев еңбегінің ерекшелігі сол, ол қазақ балалар әдебиетіне мысал жанрын саналы түрде енгізді, мысалдарды өлеңмен де, қарасөзбен де аударды, бала ұғымына лайықтап жазды. Қорыта айтқанда, Спандияр Көбеевтің балалар шығармаларының алтын қорына қосқан үлесі зор. Ол өзінің жазушылық қызметімен қатар балаларға берген тәрбиесі туралы ауыз толтырып айтарлықтай еңбек жасады. [4, б. 272]

«Үлгілі тәржімә» мен «Үлгілі бала» кітаптарының жарық көріп, жұртшылықтың ықыласына ие болуы С.Көбеевтің әдебиетке деген ынтасын ұштай түсті. Оның үстіне, ол осы еңбектерді жазу

тұсында орыс әдебиетін оқып үйренді, сондағы образдар сырын пайымдады. Гогольдің «Өлі жандары» мен Пушкиннің «Дубровскийіін» ел арасында әңгіме ретінде айтып, ондағы бейнелердің жанды кейпін қазақы адамдар бойынан тану да осыны дәлелдейді. «Қалың мал» міне, содан кейінгі ізденістің жемісі еді. «Бұл романды жазу маған оңайға түскен жоқ, – деп жазды кейін Спандияр. – Мұның әр әртүрлі себептері бар еді. Біріншіден, роман жазылған кезде баспа жүзін көрген қазақтың жазба түріндегі көркем әдебиет шығармалары тіпті аз еді және олардың идеялық бағыттарын былай қойып, түрлерін алсақ, ауыз әдебиеті әсерінің шеңберінен асып шыға алмаған дәрежеде еді. Бірақ солтүстік аймақта маған тіл үйренер, үлгі – өнеге алар жалғыз – ақ қазақтың ауыз әдебиеті және Ыбырайдың өлеңдері мен балаларға арнап оқу құралына лайықтап жазған новеллалары ғана еді (Абайдың жинағы қолыма кейінірек түсті). Сондықтан да романның тіліне, стиліне, ауыз әдебиетінің әсері тигендік барлығы қазіргі оқушыға айқын байқалып отыратын болуы керек. Екіншіден, романның сюжеті, оның құрылысы, кейіп – кескіндері жайында кеңесетін, пікір алысатын да адам жоқ еді. Мұны түсінер бірен – саран адам болса, оның да «қызық екен» дегеннен басқа айтары жоқ болатын. Маған тек орыс тіліндегі романдарды оқып, соларды үлгі ете отырып, жазуға тура келді». [5, б. 3]

1913 жылы Қазанда оның «Қалың мал» атты романы басылып шықты.

Қазақтың жазба әдебиеті тарихында тұңғыш роман саналатын бұл шығармада автор қазақ ауылындағы ескілік салт пен әдет – ғұрыптарға қарсы үн көтерді. «Қалың мал» романында көркем образ арқылы әлеуметтік маңызы үлкен екі мәселені – қазақ әйелінің басындағы аянышты халды, ауылдағы тап тартысын жазды. Бұл роман жазушының шығармашылық өмірінде ерекше орын алады.

Спандияр «Қалың мал» романын жазған кезде, жоғарыда айтқандай, қазақтың ақындары шығармасында, баспа сөз бетінде халыққа түсініксіз, жат, ескі араб, парсы, шағатай тілдерінің сарқыны бар еді, түркі деген «жаңа» тілдің әсері күшті еді. Ақын, жазушылардың бірқатары өз шығармаларын сол тілдерде, яки сол тілдердегі сөздерді неғұрлым көп кірістіріп жазуға тырысушы еді. Ол кезде мұның өзі бір салт сияқты болатын. Ал Спандияр өзінің романын қазақ тілінде, қазақтың нағыз әдеби тілінде жазды. Халықтың негізгі сөздік қорын, сөздік құрамын, халықтың сөз мәдениетін, сөзді кестелеу әдісін сарқа пайдаланып жазды. Мұнысы жаңалық еді, оның кітабы бұқараға түсінікті болып шықты. [6, б. 158]

«Көркемдік жағынан кейбір жетіспеушілігі бола тұрса да, бұл роман идеялық – прогресшілдік бағыты жағынан сыншыл реализм элементтерін бойына жинақтай білген шығарма болды, – деп жазды Әуезов. Рулық, феодалдық құрылысты, әйелдерді қанауды, қазақ ауылындағы әлеуметтік жауыздықты – байлар үстемдігі мен атқамінерлерді айыптаушылық бұл шығармаға ерекше мән береді және оны заманының елеулі құбылыстарының қатарына қояды». [5, б. 3]

Бұдан кейінгі жылдары да Спандияр оқытушылық қызмет пен (1910–1919 жылдар арасында ол Қостанай облысының Федоров ауылдық мектебінде жұмыс істеген) жазушылықты қатар жүргізуге талап жасаған. Сол жылдары «Бақытсыздардың бір күні» атты роман жазады, бірақ аяқталмаған күйінде роман қолжазбасы жоғалып кетеді. Кейін «Қазақ ауылындағы тұңғыш мектеп» атты шығарма жазбақ болады. Алайда денсаулығының нашарлауына байланысты оны жаза алмайды, жазушылық жұмыстан ұзақ уақыт қол үзіп қалады. Бірақ өзінің сүйікті кәсібі – оқытушылықты тастамайды. Ол өмірінің соңғы жылдарына дейін өзінің туған ауылы Ақсуатта он жылдық орта мектепте оқытушы болып жұмыс істеді.

1939 жылы ағарту саласындағы ұзақ жылдық қызметі үшін Спандияр Көбеев Ленин орденімен марапатталады. 1944 жылы оған «Қазақ КСР еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағы беріледі. 1949 жылы екінші рет Ленин орденімен марапатталады. Ұстаздың 1951 жылы жазған «Орындалған арман» атты мемуарлық еңбегі басылып шықты. Кітап 1954 жылы өңделіп, екінші рет басылды. «Орындалған арман» – жазушының өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі, ортасы мен дәуірі жайлы шығарма. Онда автор заман шындығын әр қилы оқиғалар мен адамдар, тағдыры арқылы көрсетеді. «Орындалған арман» кітабында Спандияр сол кездерде бірге оқыған жолдастарын есіне түсіріп: «Бекет Өтетілеуов, Тұрман Шынтасов, Әбубәкір Байтішев, Ермантай Алдашов, Василий Вахмяков, Иван Ширяев – бәріміз сабақта да, үйде де, ойында да тобымыз жазылмайтын, «кіндігі бір» достар едік», – деп жазады. Әсіресе, Ы. Алтынсариннің халықтық қызметін көрсетуге көп көңіл бөлген. [7, б. 72]

Талай жұрт сан бәйгеге қосқан атын,

Шықпайды тарлан боздың босқа аты.

Ыбырай, Спандияр ұлтымызды,

Аспанда қалықтатқан қос қанаты – деп жыр жампозы Жолбарыс Баязид ұстаздың 115 жылдығына арнап жыр шумақтарын арнаған екен. Өз өмірлерін, өз мақсаттарын халық өмірімен, халық мақсатымен ұштастырған қайраткерлердің есімдері әрқашан алтын әріппен жазулы тұрады.

Қос ұстаздың педагогикалық мұрасына жүгіну бүгінгі күні өте маңызды. Қазіргі уақытта білім берудің тарихи негіздеріне жүгіну керек, өйткені тарихи педагогикалық мұраны түсінбей, жас ұрпақты адами мұраттармен таныстыру мүмкін емес. Спандияр Көбеевтің өмірі мен шығармашылық жолы, оның өмірбаянының жеке парақтары, оның педагогикалық көзқарастарының жеке аспектілері ерекше қызығушылық тудырады және қазіргі тұлғаның рухани – адамгершілік дамуына ықпал етеді. Ұстаздың тағдыры – барлық адамдар үшін өнегелік үлгі бола бермек. Бұл өз халқыңа қызмет етудің мысалы.

Оның педагогикалық идеяларын облыстың үздік мұғалімдері пайдаланады, өлеңдері мен прозаларын халық жақсы көреді. [8, б. 4]

Қорыта келе, Спандиярдың қайсы бір идеяларын алсақ та, жаңа кезеңмен астасып жатқандығын көреміз. XX ғасырдың басындағы демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының беделді көшбасшысы қазақ ғылымы мен мәдениеті, оқу тәрбие ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбектерінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шыңдығы дәлелдеп отыр. XXI ғасырда білім сапасы жалпыға ортақ, рухани – этикалық басымдылық негізінің шығармашыл, жаңашыл сипатына ие, ғылыми негізде шынайы құрылған, сан қырлы, адамзат пен мемлекеттің мәдени ескерткіштеріне сай негізделген, этномәдени, әлеуметтік – кәсіптік және конфессионалды топтардың жан – жақты қажеттіліктерін, сондай – ақ жеке тұлғалардың рухани сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған болуы қажет. Осы бағытта Ыбырай мен Спандиярдың игілікті істерін барынша қолдап, оны еліміздің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің озық үлгісі ретінде пайдалану, инновациялық сипатта әр бере отырып, тиімді қолдану оқыту міндеттерінің талабына айналып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Спандияр Көбеев [Мәтін]: өмірі мен жазушылық қызметі / С.Қирабаев. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. 160 б.
2. Байсарина Р., Көпешов Б. Ғұламаның педагогикалық, методикалық мұралары [Мәтін]: [Ы.Алтынсариннің туғанына 150 жыл] / Р.Байсарина, Б.Көпешов // Қостанай таңы. 1991. 17 қазан. 4 б.
3. Таңдамалы шығармалары [Мәтін] / С.Көбеев; құраст. С.Қирабаев. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1966. 296 б.
4. Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры [Мәтін] / М.Қозыбаев; [құраст. І.Қозыбаев]. Алматы: Қазақпарат, 2009. 540 б.
5. Қирабаев С. Спандияр Көбеев [Мәтін]: [Алаштың ардақтысы] / С.Қирабаев // Егемен Қазақстан. 2003. 17 қазан. Б. 3
6. Қалың мал [Мәтін]: [роман] / С.Көбеев // XX ғасыр басындағы әдебиет: [хрестоматия] / құраст. Қ.Ергөбек. Алматы, 1994. Б. 158-220
7. Меңдібай С. Орындалған арман [Мәтін]: педагог-жазушы Спандияр Көбеев туралы толғау / С.Меңдібай // Әлім Қ. Терең тамыр: тарихи – этнографиялық хикаят / Қ.Әлім, С.Меңдібай. Астана, 2009. Б. 72–82
8. Ілияс Б. Меңдіқарадағы мерейтой [Мәтін]: [С.Көбейұлы туғанына 115 жыл] / Б.Ілияс // Егемен Қазақстан. 1993. 13 шілде. 4 б.

ӘОЖ 37.034

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КӨБЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

*Мурзағалиева Салтанат Дамировна
Джунусова Гулжазира Жомартовна
«Рудный қаласы Бейімбет Майлин атындағы №7
мектеп-гимназиясы» Қостанай облысы
Бастауыш сынып мұғалімдері
Рудный қаласы, Қазақстан
E – mail: murzagalieva_saltanat@mail.ru*

Аңдатпа

Автор мақала мазмұнында педагог, ақын, жазушы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметке қосқан үлесін тілге тиек етеді. Бастауыш сыныпта шағын әңгімелері өміршең деп тәжірибесін бөліседі. Шағын мәтіндері қарапайым, тілге жеңілдігі оңтайлы тәжірибесінен көрінеді. Ұстаздың мұрасын жаңа білім беру мазмұнында түрлендіріп, жаңғырту маңызды деп ой тастайды. Спандияр Көбеев пен Ыбырай Алтынсарин идеясының сабақтастығын сөз етеді.

Кілтті сөздер: Педагог, рухани, жаңашыл, тәрбие, инновация

Аннотация

Автор статьи отмечает вклад Ибрая Алтынсарина в просветительскую деятельность как поэта, педагога и писателя. В начальной школе мини-рассказы считаются жизнеспособными. Небольшие тексты отличаются простотой, легкостью языка. Важно преобразить наследие учителя в новом образовательном содержании, сделать его актуальным. Речь идет о преемственности идей Спандияра Кобеева и Ибрая Алтынсарина.

Ключевые слова: педагог, духовный, инновационный, воспитание, инновация.